

й 2005  
1072к



# Жеті ғасыр жырлайды





# Жеті ғасыр жырлайды



XIV ғасырдан XX ғасырдың  
бас кезіне дейінгі қазақ  
ақын-жырауларының шыгармалары

Бірінші том



Жазушы баспасы

ББК 63.3 (5 каз)  
Ж 56

Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің  
баддарламасы бойынша шыгарылып отыр



Ж 56 Жетіғасыр жырлайды: екі томдық.  
Алматы: Жазушы, 2004. 1-том.— 400 бет.

Құрастырған  
Есенбай Дүйсенбайұлы

Суретші  
Табылды Мұқатов

ISBN 9965-701-62-8 (1-т.)

ISBN 9965-701-X

«Жетіғасыр жырлайды» аталатын екі томдықтың бірінші кітабына толғауымен тоғыз ханды токтатқан Сыпира жыраудан бастап (шамамен XIII—XV ғ.ғ.), казак сопылық поэзиясының ірі өкілі Кердере Әбубекірге (XIX ғ.) дейінгі қырық екі акын-жыраудың тандамалы шығармалары жинақталды. Бұл жыр-толғаулар еркіндік пен елдік жолында ұзак заманаларға созылған ерлік құреске толы үлттық тарихымыз берілгенде мен жүрттық дүниетанымыздың көркем шежіресі, рухани айнасы, ой-сана окулығы да іспетті. Кітапты әзірлеу үстінде бұған дейінгі жарық көрген сан алауда басылымдарды (М. Мағауин, К. Сыдыков, М. Байділдаев, Ә. Дербісөлин, А. Сейдімбеков, Ф. Әннесов нұскалары мен өнерпаздардың өз жеке жинактары, сондай-ақ кезінде осы томдық редакторы құрастырған «Екімыңжылдық дала жыры», «Нар заман мен зар заман поэзиясы», Бұқар жырау жинағы, т.б.) салыстыра тексеру нәтижесінде кенестік кезендер шырғаланында бүрмаланған, қысқартылған талай туындылар текстологиялық сүзгіден өткізіліп, қалпына келтірілді; жанадан косылғандары да барышылық. Ал Нысанбай жырау, Шынияз акын сиякты дәстүрлі жинактарға енбеген тұлғалар шығармалары тұнғыш рет кіріп отыр.

Ж 0503020905-077  
402(05)-04 құлактандырылмаған — 2004

ББК 63.3 (5 каз)

ISBN 9965-701-62-8 (1-т.)  
ISBN 9965-701-X

© «Жазушы» баспасы, 2004  
© Безендірғен Т. Мұқатов, 2004

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯСЫ · ГІЛДАХ АМАСЫ

№ 00202932

**Сыпыра жырау**

(XIII–XV гасырлар)

**Асанқайғы**

(XV гасыр)

**Казтуған жырау**

(XV гасыр)

**Доспамбет жырау**

(XV–XVI гасырлар)

**Шалкиіз жырау**

(1465–1560)

**Жиембет жырау**

(XVII гасыр)

**Марқасқа жырау**

(XVII гасыр)

**Бұқар жырау**

(1668–1781)

**Ақтамберді жырау**

(1675–1768)

**Тәтіқара ақын**

(XVIII гасыр)

**Үмбетей жырау**

(1706–1778)

**Көтеш ақын**

(1745–1818)

**Шал ақын**

(1748–1819)

**Қобылан Бәрібайұлы**

(1760–1840)

**Жанақ ақын**  
(1770–1856)  
**Есет би**  
(XVIII–XIX гасырлар)  
**Абыл ақын**  
(1777–1864)  
**Жанкісі би**  
(XVIII–XIX гасырлар)  
**Тұбек Байқошқарұлы**  
(1780–1870)  
**Өске Торқаұлы**  
(1788–1857)  
**Дулат Бабатайұлы**  
(1802–1871)  
**Махамбет Өтемісұлы**  
(1803–1846)  
**Шернияз Жарылғасұлы**  
(1807–1867)  
**Шөже Қаржаубайұлы**  
(1808–1895)  
**Орынбай ақын**  
(1813–1891)  
**Мәделі Жүсіпқожаұлы**  
(1816–1888)  
**Шортанбай Қанайұлы**  
(1818–1881)  
**Шынияз Шанайұлы**  
(1819–1875)  
**Күдеріқожа Көшекұлы**  
(1820–1858)

**Нысанбай жырау**

(1822–1883)

**Сүйінбай Аронұлы**

(1822–1895)

**Алмажан Азаматқызы**

(1823–?)

**Қашқынбай Қожамбетұлы**

(1830–1870)

**Бұдабай Қабылұлы**

(1830–1890)

**Ақмолла Мұхамедиярұлы**

(1831–1895)

**Нұрым Шыршығұлұлы**

(1831–1908)

**Кемпіrbай Бөгембайұлы**

(1834–1895)

**Біржан сал**

(1834–1897)

**Майлышқожа Сұлтанқожаұлы**

(1835–1898)

**Мұрат Мөңкеұлы**

(1843–1906)

**Алаша Байтоқ жырау**


(XIX ғасыр)

**Кердері Әбубәкір**

(1861–1905)



Canyon  
Country



## СЫПЫРА ЖЫРАУ

(XIII–XV ғасырлар)

Мен бабаңын, бабаңын,  
Мен нелерді көрmedім,  
Мен қай жерде жүрmedім.  
Әкей хан мен Жәкей хан –  
Мұны көрген бабаңын.  
Шына қыздан туған ұл  
Сенің бабаң Шыңғыс хан –  
Мұны көрген бабаңын.  
Жасар жасым жасадым:  
Бір жұз алпыс жасадым,  
Шіркеулі деген шаһарда  
Тоғыз ханның сарқытын  
Бір мәжілісте асадым.  
Бұлар өтіп кеткен соң,  
Хан Шыңғыстың кезінде,  
Бұ жалғанның жүзінде  
Он бір патша бар еді;  
Еділдің күбыла жағында,  
Ханның алтын тағында  
Он бір патша болды опат.  
Он бір патша алдында  
Кобыз алып сөз сөйлеп,  
Толғау айтқан бабаңын.

Әмір Темір Көреген,  
Тоқсан алты хан дәреген.  
Ханың зәулім сарайы  
Ақ Орда деген жер екен.  
Айналасы биік тау,  
Батылы барып кіrmес жау.  
Алпыс биі бірігіп,  
Ақ Ордада шешкен дау,  
Бұларды көрген бабаңмын.  
Көрдім қалың елінді,  
Едіге деген ерінді.  
Жамандық пен жөнсіздік  
Қайыстырды-ау белімді.  
Небір-небір билерің  
Көргенсіз боп көрінді,  
Бұларды көрген бабаңмын.  
Бұлар да өтіп кеткен сон,  
Өзінің елін бұлдірген,  
Бәтуаға келмеген,  
Сүргін салған жұртына,  
Жесір қатын, жетім ұл  
Тындалмай датын, жылатқан,  
Әзәзіл жолдан тайдырған,  
Қайсыбірін айтайын,  
Сіздерді көрген бабаңмын.

Құбыладан жылы жел есер,  
Арқадан сұық жел есер.  
Анаға қарап қызың өсер,  
Атаға қарап ұл өсер.  
Тоқтамыстың уағында  
Құлға билік тиген сон,  
Жесір қатын, жетім ұл  
Қайтіп қана күн кешер?..  
Сөз сөйлемен, Қарабек,  
Менен саған сөз керек.  
Астыңа қара бұл салып,  
Үстіңе қызыл себелеп,  
Алдаймын деп келдің бе,  
Атана нәлет сұмелек?!



Бай баласы байға ұқсар,  
 Байлаулы түрған тайға ұқсар.  
 Би баласы биге ұқсар,  
 Алты қанат үйге ұқсар.  
 Хан баласы ханға ұқсар,  
 Биік-биік шынға ұқсар.  
 Құл баласы құлға ұқсар,  
 Мал талтаған гүлгө ұқсар.  
 Ханнның ұлы қарауыл,  
 Бидің ұлы шындауыл.  
 Ел ағасы Аға би,  
 Жұрт ағасы Тағай би,  
 Батыр ұлы Байназар,  
 Қожаның ұлы Қосназар,  
 Қожамын деп, Аллаға,  
 Құнәкар боп Құдаға,  
 Құдындаисың, бөтшағар!



Маң-маң басқан, маң басқан,  
 Төрт аяғын тең басқан,  
 Шудаларын шаң басқан,  
 Өркештерін май басқан  
 Қара нарым бар еді,  
 Қара нарым жоғалтып,  
 Жоктап келген жаушымын,  
 Іздеп келген ізшімін.  
 Еділдің қара сулары  
 Көпір салмай, сай болмас.  
 Қара нар келмей халқына,  
 Қаралы кеуілім жай болмас.  
 Он жаққа құрған шымылдық  
 Тербелер ме екен тымықта,  
 Ботасын ерткен қара нар  
 Оралар ма екен жуықта?!



Уа, Хан ием, Хан ием,  
 Құлағынды сал, ием.  
 Талан болды біздерден  
 Сансыз дүние-мал, ием.

Қанды көрсе, қалтыраар  
Қырғи құстың баласы.  
Танды көрсе, шарқ ұрап  
Бұлбұл құстың баласы.  
Оқ жарасы бітсе де,  
Бітпес сөздің жарасы.  
Көп ойланып сөйлеген  
Сөзіңнің болар расы.  
Жемтік болды дүшпанға  
Көп ноғайдың баласы,  
Көздерімнің қарасы.  
Жер жетпесе еш саған,  
Жерің тұр ғой алдында.  
Көл жетпесе еш саған,  
Көлің тұр ғой алдында.  
Ел жетпесе еш саған,  
Елің тұр ғой алдында.  
Қырғи болып құтырып,  
Қызыл етті аңсама.  
Қаршыға болып құтырып,  
Қасқыр етін аңсама.  
Тұйғын болып құтырып,  
Тұлкі етін аңсама.  
Қанқұмар болса билерің,  
Қаралы заман бұзылар.  
Жеткіншек болған жүртүңа  
Бейmezгіл көр қазылар.  
Қызыға берме ұрысқа,  
Зияны тиер ырысқа.  
Себепсіз еш ұрыс болмас,  
Ұрыс болса, тұрыс болмас.  
Елінді талап сен алдың,  
Темірменен тең алдың.  
Халқыңды жинап бір жерге,  
Женімпаз хан атандың.  
Елің әбден толықты,  
Енді саған не керек?  
Құн сайын қан төгіспе,  
Зәрезап болды төнірек.  
Ұрыстың болар өз заны,  
Қаншама қан төгілер,  
Хан салығынан халқынның  
Қабыргасы сөгілер.  
Құнәсіз қан жуылмас,  
Біреудің малы бұйырмас.

Тентек ханды ел сүймес,  
Шатақ ерге қыз тимес.  
Қанды көйлек киілмес,  
Тұтқын қатын сүйілмес.  
Кеуілің қанша сүйсе де,  
Дүшпаныңа иілмес.



Мен жыраумын, жыраумын,  
Шөп басында қыраумын.  
Хан қасында тәремін,  
Ханға кенес беремін.  
Би қасында биікпін,  
Ел ішінде иықпын.  
Сөз бар жерде жүйрікпін,  
Шөлде жүрген киікпін.  
Көл бар жерде сүйрікпін,  
Құс бар жерде қанатпын,  
Құш бар жерде қуатпын,  
Өсек сөзден жыракпын.  
Көп хандарды мен көрдім  
Елін, халқын жылатқан.  
Қарағай сапты ақ наиза  
Батырларды құлатқан.  
Даналар айтқан асыл сөз  
Елді аузына қаратқан.  
Сары жай атқан сансыз оқ  
Көп халықты жылатқан.  
Алла тағала адамды  
Тату бол деп жаратқан.  
Мен дүниеге келгенде  
Әділетсіз хан көрдім,  
Бейкүнә өлген жан көрдім,  
Сауға болған дүшпанға  
Есепсіз жүрген мал көрдім.  
Алла тағала әмбеге  
Бөліп берген ырысты.  
Соның үшін, хан ием,  
Көксемегей ұрысты.  
Бейнетпен мал жинаған  
Мөртебесі мол болар.  
Бейнетқордың малы өсер,  
Тама-тама көл болар.

Момын елдің жаны өсер,  
Ақырында ел болар.  
Жанжалкеш ел жауласып,  
Жұрт арасы қан болар,  
Қара жермен тең болар.  
Ұрысты онша көксеме,  
Етек тарылып жең болар.  
Бағы тайса еліңнің,  
Қақаған қыс болса да,  
Мұз айырылып сен болар.  
Момын елге тимегін,  
Кеүілінде мұнды шер болар.  
Ерегісіп қоймасан,  
Ізалы ел бірігіп,  
Қылыш алып қолына,  
Қатыны да ер болар,  
Сеніменен тең болар.  
Күшейіп кетіп ел сенен,  
Етек-женің сел болар.



## АСАНҚАЙҒЫ

(XV гасыр)

...Қырында киік жайлаған,  
Суында балық ойнаған,  
Оймауыттай тоғай егіннің  
Ойына келген асын жейтүғын,  
Жемде кенес қылмадың,  
Жемнен де елді көшірдің.

Ойыл деген ойың-ды,  
Отын тапсан, тойынды.  
Ойыл көздің жасы еді,  
Ойылда кенес қылмадың.  
Ойылдан елді көшірдің.

Елбен-елбен жұғірген,  
Ебелек отқа семірген,  
Екі семіз қолға алып,  
Ерлер жортып күн көрген  
Еділ деген қиянға.  
Еңкейіп келдің тар жерге,  
Мұнда кенес қылмадың.  
Кеңестің түбі нараду...  
Нәлет біздің жүріске,  
Еділ менен Жайықтың  
Бірін жазға жайласан,  
Бірін қысқа қыстасан,

Ал қолынды маларсың  
Алтын менен күміске!..



Құйрығы жоқ, жалы жоқ —  
Құлан қайтіп күн көрер?!

Аяғы жоқ, қолы жоқ —  
Жылан қайтіп күн көрер?!

Шыбын шықса жаз болып —  
Таздар қайтіп күн көрер?!

Жалаң аяқ балапан,  
Қаздар қайтіп күн көрер?!



Ай, Хан ием, мен айтпасам, білмейсін,  
Айтқаныма көнбейсін.

Шабылып жатқан халқың бар,  
Аймағын көзделеп көрмейсін.

Қымыз ішіп қызырып,  
Мастанып, қызып терлейсін,

Өзінен басқа хан жоқтай  
Елеуреп неге сөйлейсін?!

Қорған салдың бейнет қып,  
Қызметшің жатыр ішіп-жеп,

... Оны неге білмейсін?!

Қатын алдың қарадан,  
Айрылдың хандық жорадан,

Ел ұстайтын ұл таплас,  
Айрылар ата мұрадан!

Мұны неге білмейсін?!

Құладын құстың құлы еді,  
Тышқан жеп, жұні тұледі.

Акку — құстың төресі,  
Ен жайлап көлді жүр еді.

Андып жүрген көп дұспан  
Елге жау боп келеді:

Құладын қуды өлтірсе —  
Өз басына келеді!

Құлың көп сені өлтірер,  
Осыны Асан біледі,

Мұны неге білмейсін?!

... Тіл алсан, ізден қоныс көр,  
Желмая мініп жер шалсам,

Тапқан жерге ел көшір,  
Мұны неге білмейсің!?  
... Ай, Жәнібек, ойласан,  
Қылы, қылы заман болмай ма?  
Суда жүрген ақ шортан  
Қарағай басын шалмай ма?  
Мұны неге білмейсің!?  
Қош, аман бол, Жәнібек,  
Енді мені көрмейсің!



Бұл заманда не ғаріп?  
Ақ қалалы боз ғаріп,  
Жақсыларға айтпаған  
Асыл шырын сөз ғаріп.  
Замандасы болмаса,  
Қариялар болар тез ғаріп.  
Қадірін жеңге білмесе,  
Бойға жеткен қыз ғаріп.  
Ел жағалай қонбаса,  
Бетегелі бел ғаріп.  
Қаз-үйрегі болмаса,  
Айдын шалқар көл ғаріп.  
Мұритін тауып алмаса,  
Азғын болса, пір ғаріп.  
Ата жұрты бұқара  
Өз қолында болмаса,  
Қанша жақсы болса да,  
Қайратты туған ер ғаріп.



Есті көрсөн, кем деме,  
Бәрі түйғын табылмас.  
Қарындасын жамандап,  
Өзіне тұған табылмас.  
Адам әзіз айтар деп,  
Көнілінді салмағыл.  
Нәпсі алдаушы дұспанның  
Насихатын алмағыл.  
Бақыты оянған ерлердің  
Әрбір іci оң болар.  
Дәuletі күнге артылып,  
Не қылса да, мол болар.

Тазылары тұлкі алып,  
Қаршығасы қаз іліп,  
Сөз сөйлесе, жөн болып,  
Не десе де жарасар.  
Бай, байсын деп ат қойып,  
Ел аузына қарасар.  
Арғымакқа міндім деп,  
Артқы топтан адаспа.  
Күнінде өзім болдым деп,  
Кен пейілге таласпа.  
Артық үшін айтысып,  
Достарынмен санаспа.  
Ғылымым жұрттан асты деп,  
Кеңессіз сөз бастама.  
Женемін деп біреуді,  
Өтірік сөзбен қостама.



Келде жұрген қоныр каз  
Қыр қадірін не білсін!  
Қырда жұрген дуадақ  
Су қадірін не білсін!  
Ауылдағы жамандар  
Ел қадірін не білсін!  
Көшіп-қонып көрмеген  
Жер қадірін не білсін!  
Көшсе, қона білмеген,  
Қонса, көше білмеген,  
Ақылыңа көнбекен,  
Жұрт қадірін не білсін!



Еділ бол да, Жайық бол,  
Ешкімменен ұрыспа.  
Жолдасыңа жау тисе,  
Жаныңды аяп тұрыспа.  
Ердің құны болса да,  
Алдыңа келіп қалған соң,  
Қол кусырып барған соң,  
Аса кеш те қоя бер,  
Бұрынғыны қуыспа.  
Ақың болса біреуде,

Айыбын тап та ала бер,  
Ерекіп ұрыспа.  
Сенікі жөн болса да,  
Атың шықпас дұрысқа.  
Мінезі жаман адамға  
Енді қайтіп жуыспа.  
Тәуір көрер кісінмен  
Жалған айтып сұыспа.  
Өлетүғын тай үшін,  
Көшетүғын сай үшін,  
Желке терің құрысып,  
Әркімменен ұрыспа.  
Ашу – дұспан, артынан  
Тұсіп кетсең қайтесің  
Түбі терен қуысқа!..



## ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ

(XV гасыр)

Күн  
Көңіл  
Аншадар  
Достынан

### Мадақ жыры

Бұдышайған екі шекелі,  
Мұздай ұлken көбелі,  
Қары ұнымы сұлтандайын жүрісті,  
Адырнасы шайы жібек окқа кіріс-ті,  
Айдаса – қойдың көсемі,  
Сөйлесе – қызыл тілдің шешені,  
Ұстаса – қашағанның ұзын құрығы,  
Қалайылаған қасты орданың сырғы,  
Билер атты би соңы,  
Би ұлының кенжесі,  
Буыршиның бұта шайнар азуы,  
Бидайықтың көл жайқаған жалғызы,  
Бұлұт болған айды ашқан,  
Мұнар болған күнді ашқан,  
Мұсылман мен көүірдің  
Арасын өтіп бұзып дінді ашқан  
Сүйінішұлы Қазтуған!!!



Белгілі биік көк сенгір  
Басынан қарға ұшырмас,  
Ер қарауыл қарап деп,  
Алыстан қара шалар деп;

Балдағы алтын құрыш болат  
Ашылып шапса дем тартар,  
Сусыным қанға канар деп;  
Арғымақтың баласы  
Арыған сайын тың жортар,  
Арка мен косым қалар деп;  
Ақ дария толқын күшейтер,  
Құйрығын күн шалмаған балығым  
Ортамнан ойран салар деп;  
Азамат ердің баласы  
Жабыққанын білдірмес,  
Жамандар мазақ қылар деп!



Алан да алан, алан жұрт,  
Ақала ордам қонған жұрт,  
Атамыз біздің бұ Сүйініш  
Күйеу болып барған жұрт,  
Анамыз біздің Бозтуған  
Келіншек болып түскен жұрт,  
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,  
Кіндігімді кескен жұрт,  
Кір-қонымды жуған жұрт,  
Қарағайдан садақ будырып,  
Қылшанымды сары жұн оққа толтырып,  
Жанға сақтау болған жұрт.

Салп-салпыншақ анау үш өзен  
Салуалы менің ордам қонған жер,  
Жабағылы жас тайлақ  
Жардай атан болған жер,  
Жатып қалып бір тоқты,  
Жайылып мың қой болған жер,  
Жарлысы мен байы тен,  
Жабысы мен тайы тен,  
Жары менен сайы тен,  
Ботташығы бұзаудай,  
Боз сазаны тоқтыдай,  
Балығы тайдай тулаған,  
Бақасы қойдай шулаған,  
Шырмауығы шөккен түйе таптырмас,  
Балығы көлге жылқы жаптырмас,  
Бақасы мен шаяны  
Кежідегі адамға  
Тұн үйқысын таптырмас,

Қайран менің Еділім,  
Мен салмадым, сен салдың,  
Қайырлы болсын сіздерге  
Менен қалған мынау Еділ жұрт!..



## Қазтуғанның қонысымен қоштасуы<sup>\*</sup>

### 1

Арайна, билер, арайна,  
Арайна десем, болғай ма?!  
Арайнасыз өр қайда  
Ердің ісі онғай ма?!  
Арайна болған Қазтуған,  
Қайғыланып сонда толғай ма?!

### 2

Ел қияға қонғай ма,  
Еділ, Жайық арасы  
Кеңшілік қоныс болғай ма?!  
Ебей басты құба үлек  
Ернімен шырпы шалғай ма?!  
Бұл қоныста отырып,  
Біздің мұсылман баласы  
Жағасы босап тынғай ма?!

### 3

Еділді қоныс етпеніз,  
Жағалай қалмақ алады.  
Жайықты қоныс етпеніз,  
Сыдыра біткен көкжиек,  
Кәпірлер қала салады.  
Аштарханды қоныс етпеніз,  
Шәһәрін оның алады.

\* Бұл қоштасу толғаулары Халел Досмұхамедұлының  
«Даман» кітабынан алынды.

Еділді алса – елді алар,  
 Енді алмаған не қалар?  
 Жайықты алса – жанды алар,  
 Жанды алған соң не қалар?  
 Ойылды алса – ойды алар,  
 Ойлашы, сонда не қалар?  
 Қара мауыты мұшақат  
 Бүтін тоғай жерді алар.  
 Жаз кіреге жақсы деп,  
 Дулығалы нарды алар,  
 Қыс кіреге жақсы деп,  
 Шудасы қалың айырды алар.  
 Сусынына шай алар,  
 Шайнауына май алар.

Ойыл да Қиыл, Жем, Сағыз,  
 Қайран саланың жатқан анғары-ай,  
 Ақ шалмалы пірлердің  
 Мешітке жаққан шамдары-ай!  
 Менің бүйтіп қозғалақтап жүргенім  
 Аузы түкті кәпірдің  
 Күшті болған салдары-ай!  
 Кәпірден теңдік алуға  
 Қайта келер деймісің  
 Мұсылманың баяғы  
 Шыңғыстан туған хандары-ай?!

Бұл қоныстан кетпесен,  
 Мұны талақ етпесен,  
 Атаңа нәлет кәпірдің  
 Пайдасына қалмаса иті еді  
 Ноғайлы, қазақ жұртымның  
 Кейінгі туған балдары-ай!

Адыра қалғыр көк Жайық,  
 Анырап қалған қонысым!  
 Қонысымнан ауған соң,  
 Кетпегей еді ырысым.  
 Таудағы тарлан бөрі едім,